



2024 жылғы 29.04
Нұрбұлақ ауылы

№ 33

29.04.2024 года
село Нурбулак

**Ақтөбе облысының білім басқармасының
Алға аудандық білім бөлімінің Нұрбұлақ орта мектебі» КММ-нің
білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №12 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімінің «Нұрбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 13 мамыр – 19 маусым аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы өткізілсін.

2. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы төмендегі тізімде бекітілсін:

- 1) Бисенбин Ж.Н, мектеп директоры – комиссия төрағасы;
- 2) Букетова К.Ж, қамқоршылық кеңесінің мүшесі – комиссия мүшесі;
- 3) Маликова М.И, оқу ісінің орынбасары – комиссия мүшесі;
- 4) Амирова А.А, тәрбие ісінің орынбасары – комиссия мүшесі;
- 5) Ахметова Б.М, кәсіподақ төрағасы – комиссия мүшесі;
- 6) Уткелбаева Н.К, мектеп психологы – комиссия мүшесі;
- 7) Есенғазина А.К, әлеуметтік педагог – комиссия мүшесі.

3. Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімінің «Нұрбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.

4. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2024 жылдың 20 маусымында кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.

5. Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы бойынша құжаттар интернет-ресурсқа уақытылы орналастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесін «Нұрбұлақ орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің директоры



Ж.Н.Бисенбин